аудандық қоғамдық - саяси газет
районная общественно - политическая газета

# Алтын астық

30 маусым - июнь 2025 год eginredakciya.kz № 24(648)

## Күшіміз - бірлікте!

Бүгін мен қоғамымыз үшін ерекше маңызы бар маңызды тақырыпты - этносаралық қатынастарды нығайту және туған жерімізде бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз ету тақырыбын қозғағым келеді.
Біздің аудан - түрлі ұлт пен мәдениет өкілдері үшін үлкен үй. Мұнда 30-дан астам халық достық пен өзара құрметпен өмір сүруде. Біз бірге туған өлкеміздің игілігі үшін еңбек етеміз, балаларды тәрбиелейміз, дәстүрлерді сақтаймыз және болашақты жасаймыз. Бұл біздің ортақ байлығымыз, біз оны сақтауға тиіспіз.
Этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясат барлық этностардың үйлесімді өмір сүруі үшін жағдай жасауға бағытталған. Біз ауданда тұратын барлық халықтардың мәдениетін, тілі мен дәстүрлерін дамыту жөніндегі іс-шараларды дәйекті түрде іске асырудамыз. Бұл орайда Қазақстан халқы Ассамблеясы, қоғамдық кеңестер мен этномәдени бірлестіктер маңызды рөл атқарады. Біз жастарды толеранттылық пен патриотизм рухында тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлеміз. Біздің мектептер мен қосымша білім беру мекемелерінде түрлі ұлт өкілдерін біріктіретін достық сабақтары, тілдер фестивалі, мәдени кештер, байқаулар мен спорттық іс-шаралар өткізіледі.
Қымбатты жерлестер!
Біздің ауданымыздың күші - бірлікте. Тек бірге біз кез келген сын-қатерлерді еңсеріп, экономиканы нығайтып, ауыл шаруашылығын, шағын және орта бизнесті, әлеуметтік саланы дамыта аламыз. Әр шаңырақта бейбітшілік, келісім және өзара түсіністік орнасын!

**Юрий Курушин,**
**Егіндікөл ауданының әкімі**

**ЗАКОН И ПОРЯДОК**

## Публичный сектор единого реестра досудебных расследований

В Республике Казахстан важную роль в обеспечении законности и правопорядка играет Единый реестр досудебных расследований (ЕРДР) — цифровая система, предназначенная для регистрации и учета всех уголовных дел, находящихся на стадии досудебного расследования.
Публичный сектор в рамках ЕРДР представляет собой механизм обеспечения прозрачности, эффективности и подотчётности деятельности правоохранительных органов.
ЕРДР был внедрён с целью минимизировать коррупционные риски, исключить возможность «скрытых» дел и обеспечить строгий контроль за каждым этапом расследования. Сегодня ЕРДР является центральным элементом цифровизации уголовного процесса, объединяя информацию, доступную прокурорам, следователям и уполномоченным органам.
Публичность ЕРДР означает, что определённые данные — такие как факт возбуждения уголовного дела, его квалификация, сведения об ответственных лицах и сроки расследования — могут быть проверены через внутренние контролирующие органы и прокуратуру. Это способствует снижению злоупотреблений, усилению контроля со стороны надзорных органов и повышает доверие общества к системе правосудия.
Однако сам реестр не является полностью открытым для общественности, поскольку содержит персональные данные и следственную тайну. Публичный сектор ЕРДР предназначен для доступа участникам процесса через сеть Интернет. В публичную часть передаются документы, которые могут быть доступны участникам производства (потерпевший, подозреваемый, адвокат, защитник, переводчик, представитель, эксперт, специалист, свидетель, понятой, медиатор).
Для получения информации из Публичного сектора и работы с ним, пользователь должен быть авторизован используя ЭЦП НУЦ РК (Национальный удостоверяющий центр Республики Казахстан).
Поэтому публичный сектор в контексте ЕРДР подразумевает не полный доступ граждан, а обеспечение прозрачности работы правоохранительных структур внутри системы. Таким образом, ЕРДР является ключевым инструментом формирования открытого и подотчётного публичного сектора в сфере уголовного правосудия, отражая стремление Казахстана к цифровому, эффективному и справедливому государственному управлению.

**И.Ногербеков,**
**Прокурор отдела ДКПСиСУ ГП РК**
**по Акмолинской области**

## Егіндікөл ауданында мемлекеттік қызметкерлер мен полиция қызметкерлеріне құрмет көрсетілді

## В Егиндыкольском районе состоялось чествование государственных служащих и сотрудников полиции в день их профессиональных праздников










Егіндікөл ауданының аудандық мәдениет үйінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметкерлер күніне және Полиция күніне арналған салтанатты іс-шара өтті. Мерекеге әкімдіктің, мемлекеттік мекемелердің, құқық қорғау органдарының өкілдері, қызмет ардагерлері мен аудан тұрғындары жиналды. Аудан әкімі Юрий Викторович Курушин сөз сөйледі. Ол өз өмірін мемлекетке қызмет етуге және құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге арнаған баршаға шынайы алғысын білдірді. Әкім бұл адамдардың кәсібилігі, жауапкершілігі мен ісіне адалдығы - тұрақтылықтың, тәртіп пен ертеңгі күнге деген сенімнің негізі екенін атап өтті.
Іс-шара аясында ерекше көзге түскен қызметкерлер алғыс хаттармен, құрмет грамоталарымен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Алғыс айту сөздері мен жылы құттықтаулар айтылды.
Іс-шара аудандық Мәдениет үйінің ұжымы дайындаған музыкалық және би нөмірлерімен кеш көркі ашылды. Жылы әрі салтанатты атмосфера мемлекеттік және құқық қорғау құрылымдары өкілдеріне деген терең құрметтің көрінісі болды.

**Өз ақпарат**

В районном Доме культуры Егиндыкольского района прошло торжественное мероприятие, посвящённое Дню государственного служащего и Дню полиции Республики Казахстан. На праздник собрались представители акимата, государственных учреждений, правоохранительных органов, ветераны службы и жители района.
С приветственным словом выступил аким района Юрий Викторович Курушин. Он выразил искреннюю благодарность всем, кто посвятил свою жизнь служению государству и обеспечению правопорядка. Аким подчеркнул, что профессионализм, ответственность и преданность делу этих людей — основа стабильности, порядка и уверенности в завтрашнем дне.
В рамках мероприятия отличившиеся сотрудники были награждены благодарственными письмами, почётными грамотами и памятными подарками. Прозвучали слова признательности и тёплые поздравления. Украшением мероприятия стали яркие музыкальные и танцевальные номера, подготовленные коллективами районного Дома культуры. Тёплая и торжественная атмосфера стала отражением глубокого уважения к представителям государственных и правоохранительных структур

**Соб.инф**

1.2023 жылдан бері облысымызда мемлекеттік қызметке іріктеудің пилоттық жүйесі жұмыс істейтінін білеміз. Осы жоба қазір қандай сатыда?

Иә, Ақмола облысында 2023 жылғы 1 наурыздан бастап пилоттық режимде «Интеграцияланған ақпараттық жүйеде «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурсты іріктеудің және өткізудің уақытша қағидалары» шеңберінде мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа жүйесі жұмыс істейді. Бұл дегеніміз мемлекеттік қызметке іріктеу онлайн режимде eqyzmet.gov.kz порталында жүргізіледі деген сөз. Яғни біздің облысымыз республика бойынша Шымкент қаласымен бірге алғашқы болып осы онлайн іріктеу тәртібін сынақтан өткізді.

Бұл жобаға бірінші кезекте жергілікті атқарушы органдар, содан кейін басқа да мемлекеттік органдар, оның ішінде орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері кезең-кезеңімен өтті.

Қазіргі уақытта бұл қағида 68 мемлекеттік органда енгізілген болса, ағымдағы жылы 1 шілдеден бастап жаңа іріктеу жүйесімен республика бойынша тағы 26 ведомство, оның ішінде облыс бойынша 9 мемлекеттік орган қамтылатын болады, олар:

1.Ақмола облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті;
2.Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Ақмола облысы бойынша департаменті;
3.Ақмола облысының прокуратурасы;
4.Ақмола облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті;
5.Ақмола облысы бойынша қазынашылық департаменті;
6.Ақмола мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті;
7.Ақмола облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті;
8.Ақмола облысының полиция департаменті;
9.Ақмола облысының төтенше жағдайлар департаменті.

Статистикалық нәтижелерге келетін болсақ, онда 2025 жылдың I тоқсанында Ақмола облысында пилоттық режимде өткен конкурстарға 253 кандидат қатысып, нәтижесінде лауазымдарға 58 адам қабылданды. Қазіргі уақытта біздің департамент пилоттық жүйеге қосылатын мемлекеттік органдардың кадр қызметтеріне әдістемелік көмек көрсетіп, сондай-ақ ұжымдармен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

2.Мемлекеттік қызметшілердің ротациясы қандай мақсатпен жүргізіледі және облысымыз бойынша ротация жүргізудің қазіргі жағдайы қандай?

Ротацияның басты мақсаты – ол мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың алдын - алу, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби әлеуетін және басқару тәжірибесін тиімді түрде пайдалану, олардың басқару құзыреттерін жетілдіру.

2024 жылғы 30 қазанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Мемлекеттік қызметті өткерудің кейбір мәселелері туралы» жарлығына қол қойып, «Мемлекеттік қызметшілерге ротация жүргізу қағидалары мен мерзімдері, ротацияға жататын мемлекеттік қызметшілердің санаттары мен лауазымдары» туралы қағидаларына өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, ротацияға жататын қызметшілер қатары аудан және қала әкімдерінің орынбасарлары (E-1), облыстық басқарма басшыларының орынбасарлары (D-O-2) және орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері басшыларының орынбасарлары (C-O-2) лауазымдарымен толықтырылды.

Ақмола облысының жергілікті атқарушы органдарында 2025 жылы ротацияға жататын 16 басшы бар, оның ішінде облыстық басқармалардың 4 басшысы, облыстық басқармалар басшыларының 5 орынбасары, аудан (қала) әкімдерінің 7 орынбасары бар.

Бұл мемлекеттік қызметшілердің үшеуі зейнеткерлік жасқа толуына 3 жылдан аз уақыт қалуына және бір қызметкер басқа мемлекеттік лауазымға тағайындалуына байланысты ротациядан босатылды. Бір қызметшінің лауазымда болу мерзімі уәкілетті органның келісімі бойынша ұзартылды. Қалған қызметшілердің ротациясын жүзеге асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Аталған бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

3.Халыққа қызмет көрсету сапасын арттыру бағытында қандай нәтижелер бар?

Мемлекеттік қызметтерді көрсету саласындағы сапаны бақылау, қадағалау - біздің Департаменттің жұмысының басты бағыттарының бірі. Өйткені азаматтар өмірінің түрлі салаларында қызметтерді күнделікті негізде тұтынады. Жалпы, жыл басынан бері Департаментпен бұл бағытта 6 тексеру іс-шарасы өткізілді, көрсетілетін қызметті алушылардың 148 өтініші қаралды. Қабылданған шаралар нәтижесінде 315 көрсетілетін қызметті алушының құқықтары қорғалды.

Мысалы, Департаменттің ұйғарымдары негізінде әкімдіктер мен 3 фермер қожалығы арасында ауданы 15000 гектар ауыл шаруашылығы жерлерін жалға беру шарттары ұзартылды, бұл кәсіпкерлерге жалға алудың жаңа мерзімінде шамамен 2 миллиард теңге сомаға кіріс алуға және 10 жұмыс орнын сақтауға мүмкіндік береді. Қашықтықтан бақылау қорытындысы бойынша инвесторға 5 миллиард теңгеден астам сомаға бөтелкедегі ауыз су өндіретін зауыт салу үшін өнеркәсіптік-инновациялық жобаны іске асыру бойынша жер учаскесі берілді. Осыған дейін ақпараттық жүйелердегі ақаулар себебінен көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеуден бас тартылған 187 азаматқа Департамент тексергеннен кейін мемлекеттік қызметтер көрсетілді. Сондай-ақ Департаменттің тексеру іс-шараларының нәтижесінде 84 азаматқа жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы салаларында мемлекеттік қызметтер көрсетілді.

41 көрсетілетін қызметті алушының құқықтары ақпараттық жүйелерге қол жеткізу арқылы қашықтықтан мониторинг жүргізу барысында проактивті форматта қалпына келтірілді.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 465-бабы бойынша 5 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалды, қысқартылған іс жүргізу тәртібімен 275 240 теңге сомасында барлық айыппұлдар өндірілді.

Мемлекеттік қызметтер саласындағы бұзушылықтар үшін тәртіптік жауапкершілікке 16 лауазымды тұлға тартылды, оның ішінде 9 - басшы лауазымдарды атқаратын тұлғалар.

4.Мемлекеттік қызметшілердің әдебін, тәртібін қамтамасыз ету және құқықтарын қорғау саласында қандай жұмыстар жүргізілуде?

2025 жылдың I тоқсаны ішінде Департамент өз құзыреті шегінде азаматтардың 67 өтінішін қарады, мемлекеттік органдардың қызметінде 9 тексеріс, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы сақтау бойынша 4 талдау жүргізді, сондай-ақ Әдеп жөніндегі кеңестің 1 отырысы ұйымдастырылды.

Департаментпен жүргізілген жұмыс нәтижесінде 88 мемлекеттік қызметшінің құқықтары қорғалды.

Мысалы, 77 қызметшіге оларды үстеме жұмысқа тарту фактілері бойынша демалыс күндері мен сағаттары берілді, тәртіптік жаза қолдану туралы 7 актінің күші жойылды. Бұдан басқа, бір конкурстың қорытындылары жойылды, 27 адамға демалыс шығыстарын уақтылы төлемегені үшін 36 292 теңге мөлшерінде өсімпұл төленді, 54 адамға 2 024 754 теңге сомасында іссапар шығыстары төленді.

Сондай-ақ, Қағидалармен белгіленген шектен асырылған мөлшерде 2 974 134 теңгеге іссапар шығындарын төлеудің 157 фактісі анықталды. Қазіргі уақытта ерікті тәртіпті 346 699 теңге қайтарылды, қалған қаражатты қайтару бойынша жұмыстар жалғасуда.

Тексерістер нәтижелері бойынша 5 мемлекеттік қызметші тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Әдеп жөніндегі кеңес отырысында 7 мәселе қаралды, оның ішінде 5 немесе 71,4% профилактикалық сипаттағы мәселелер, сондай-ақ 2 тәртіптік іс қаралып, оның нәтижесі бойынша 2 қызметші «қатаң сөгіс» және «қызметіне толық сәйкес еместігі» туралы ескерту алды. Сонымен, Зеренді ауданының тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, тұрғын үй инспекциясы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы жүргізуші куәлігінен айырылған бола тұра, көлік жүргізгені үшін «қатаң сөгіс» түріндегі жауапқа тартылды. Әдеп жөніндегі кеңестің шешімі негізінде Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы мектепке дейінгі ұйымдарды мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға арналған тізбеге негізсіз қосуы үшін «қызметіне толық сәйкес еместігі» туралы тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

5.Мемлекеттік қызметшілердің статистикалық құрамына тоқталып өтсеңіз

Департамент әрбір тоқсан сайын мемлекеттік органдардың кадрлық жай-күйіне мониторинг жүргізіп, мемлекеттік қызметшілердің статистикалық мәліметтерін жинақтайды. Қазіргі уақытта жергілікті атқарушы органдарда 2874 қызметкер жұмыс істейді, олардың 34,6%-ы ерлер, 65,3%-ы әйелдер.

35 жасқа дейінгі жастардың үлесі 28,5% құрайды.

Жоғары білімі бар мемлекеттік қызметшілердің үлесі 89,2% құрайды, олардың 17,8% екі немесе одан да көп жоғары білім бар. Оның ішінде 84 шетелдік білім иегері, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының 12 түлегі, 3 «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты, 4 ғылым кандидаты, 1 ғылым докторы бар. Сынақ мерзімі 47 қызметкерге тағайындалды, оның 46-сы тәлімгерлікпен қамтылды. 58 адам қайта даярлаудан, 155 адам біліктілігін арттырудан, 21 адам тағылымдамадан өтті.

Сондай-ақ мемлекеттік қызметтегі меритократия қағидатының сақталуына тоқталып өткім келеді. Меритократия мемлекеттік қызметті кәсібилендірудегі маңызды құрал болып табылады және осының арқасында өңірде жыл сайын өз жұмысының жетістіктері, сондай-ақ кәсіби және жеке қасиеттері арқасында мансаптық ілгерілейтін қызметшілер саны артып келеді. Атап айтқанда, 2025 жылдың I тоқсаны ішінде жоғары тұрған лауазымдарға 50 қызметші тағайындалды, оның ішінде ішкі конкурстардың нәтижелері бойынша – 29, ауыстыру тәртібімен – 19, қызметті бағалау нәтижелері бойынша – 2.

6.Мемлекеттік қызметшілердің 65 пайызы әйелдер деп айтып өттіңіз. Әйелдердің құрамына, мансабына толығырақ тоқталып өтсеңіз, яғни гендерлік саясат қалай жүргізілуде?

Өңірдің мемлекеттік қызмет жүйесінде гендерлік саясат сәтті іске асып жатқанын жоғары сеніммен айта аламыз: қызметшілердің 1878 немесе 65,3%-ын әйелдер құрайды. Жалпы, облыстың мемлекеттік қызметінің басшылық лауазымдарында 421 әйел жұмыс істейді. Бұл көрсеткіш жалпы басшы құрамның 43,8% құрайды. Басшылық лауазымдардағы әйелдердің құрамы келесі көрсеткіштерден тұрады:

- облыс әкімінің орынбасарлары – 0,2%;
- қалалардың, аудандардың әкімдері және олардың орынбасарлары – 2,4%;
- аппарат басшылары және олардың орынбасарлары – 3,5%;
- облыстық басқармалардың басшылары және олардың орынбасарлары – 3,3%;
- құрылымдық бөлімшелердің басшылары – 37%;
- ауылдық округтердің әкімдері және олардың орынбасарлары – 10,5%;
- дербес бөлімдердің басшылары және олардың орынбасарлары – 23,6%;
- сектор меңгерушілері – 19,5%.

2025 жылдың I тоқсаны ішінде конкурстық және конкурстан тыс іріктеу қорытындылары бойынша, ауысу арқылы, сондай-ақ сайлау қорытындылары бойынша және басқа да себептер бойынша 167 қызметші тағайындалды, олардың 81 немесе 48,5% әйелдер.

7.Өткен жолғы берген сұхбатыңызда мемлекеттік қызметке іріктеудің конкурстан тыс форматы қарастырылғанын айтып өткен едіңіз. Осы туралы толығырақ айтып өтсеңіз?

Мемлекеттік қызмет саласындағы қолданыстағы заңнамамен мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру мақсатында «Б» корпусының кейбір мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына конкурстан тыс тағайындау мүмкіндігі көзделген.

Мысалға, бүгінгі таңда мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жақсы нәтижелермен оқуды аяқтаған ЖОО түлектері диплом алғаннан кейін бір жыл ішінде конкурстан тыс негізде кейбір мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналаса алады. Осы норма күшіне енген сәттен бастап Департаментпен 25 жас маманды конкурстан тыс тағайындау келісілді.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарының түлектері уәкілетті органның келісімі бойынша мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға конкурс өткізбей орналасу мүмкіндігіне ие. Бұл мүмкіндікті Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының 4 түлегі пайдаланды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ауылдық округтердің әкімдері өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін бір жыл ішінде уәкілетті органмен келісу бойынша конкурс өткізбестен «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналаса алады. Осылайша Департамент әртүрлі лауазымдарға 3 әкімді тағайындауға келісім берді. Сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес уәкілетті органның келісімі бойынша конкурстық іріктеусіз «Б» корпусының басшы лауазымдарына кандидаттарды тікелей тағайындау мүмкіндігі көзделген. Бұл өз кезегінде бірінші басшылардың өз қызметкерлері үшін жауапкершілігін күшейтеді. Осыған байланысты 10 облыстық басқарманың басшылары Агенттікпен келісім бойынша конкурстан тыс тағайындалды. Конкурстан тыс тағайындау мүмкіндігі бар адамдардың арасында Президенттік жастар кадр резервінің және Өңірлік кадр резервінің мүшелері бар. 2024 жылы Президенттік жастар кадр резервінің 1 мүшесі, Өңірлік кадр резервінің 7 мүшесі жергілікті атқарушы органдарда түрлі лауазымдарға тағайындалды. Айта кету керек, бұл өзгерістер аудандық және ауылдық деңгейдегі кадрлар тапшылығы проблемасын шешуге, мемлекеттік қызметтегі жастардың үлесін арттыруға, мемлекеттік аппаратты жаңа фармациядағы кәсіби, жоғары білікті кадрларымен уақтылы толықтыруға оң әсер етеді.

**Әбілев Думан Қайратұлы,**
**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы**

## Ақмола облысында 88 мемлекеттік қызметшінің құқығы қорғалды

Бұл туралы бүгін Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифинг барысында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің басшысы Думан Әбілев мәлімдеді. Спикердің айтуынша 2025 жылдың I тоқсаны ішінде Департамент өз құзыреті шегінде азаматтардың 67 өтінішін қарады, мемлекеттік органдардың қызметінде 9 тексеріс, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы сақтау бойынша 4 талдау жүргізді, сондай-ақ Әдеп жөніндегі кеңестің 1 отырысы ұйымдастырылды. Департаментпен жүргізілген жұмыс нәтижесінде 88 мемлекеттік қызметшінің құқықтары қорғалды. «Мысалы, 77 қызметшіге оларды үстеме жұмысқа тарту фактілері бойынша демалыс күндері мен сағаттары берілді, тәртіптік жаза қолдану туралы 7 актінің күші жойылды. Бұдан басқа, бір конкурстың қорытындылары жойылды, 27 адамға демалыс шығыстарын уақтылы төлемегені үшін 36 292 теңге мөлшерінде өсімпұл төленді, 54 адамға 2 024 754 теңге сомасында іссапар шығыстары төленді» - деп Думан Әбілев мәлімдеді. Сондай-ақ, Қағидалармен белгіленген шектен асырылған мөлшерде 2 974 134 теңгеге іссапар шығындарын төлеудің 157 фактісі анықталды. Қазіргі уақытта ерікті тәртіпті 346 699 теңге қайтарылды, қалған

қаражатты қайтару бойынша жұмыстар жалғасуда. Тексерістер нәтижелері бойынша 5 мемлекеттік қызметші тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Әдеп жөніндегі кеңес отырысында 7 мәселе қаралды, оның ішінде 5 немесе 71,4% профилактикалық сипаттағы мәселелер, сондай-ақ 2 тәртіптік іс қаралып, оның нәтижесі бойынша 2 қызметші «қатаң сөгіс» және «қызметіне толық сәйкес еместігі» туралы ескерту алды. Сонымен, Зеренді ауданының тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, тұрғын үй инспекциясы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы жүргізушi куәлігінен айырылған бола тұра, көлік жүргізгені үшін «қатаң сөгіс» түріндегі жауапқа тартылды. Әдеп жөніндегі кеңестің шешімі негізінде Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы мектепке дейінгі ұйымдарды мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға арналған тізбеге негізсіз қосуы үшін «қызметіне толық сәйкес еместігі» туралы тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

**Жазира Сейтмағанбетова,**
**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің ресми өкілі**

## В Акмолинской области восстановлены права 88 государственных служащих

Об этом в ходе брифинга на площадке Региональной службы коммуникаций сообщил руководитель Департамента Агентства РК по делам государственной службы по Акмолинской области Думан Абилев.
По информации спикера в I квартале 2025 года Департаментом в пределах своей компетенции рассмотрено 67 обращений граждан, проведено 9 проверок, 4 анализа по соблюдению законодательства в сфере государственной службы, а также организовано 1 заседание Совета по этике.
По результатам проведенной Департаментом работы восстановлены права 88 государственных служащих. «К примеру, 77 служащим были предоставлены дни, часы отгула по фактам привлечения их к сверхурочной работе, отменено 7 актов о наложении дисциплинарного взыскания, также отменены итоги одного конкурса, 27 лицам выплачена пеня в размере 36 292 тенге за несвоевременную оплату причитающихся сумм, 54 лицам выплачены командировочные расходы в сумме 2 024 754 тенге» - отмечает Думан Абилев. Кроме того, выявлено 157 фактов выплаты командировочных расходов, превышающих установленные Правилами лимиты на сумму 2 974 134 тенге. В настоящее время, в добровольном порядке возвращено 346 699 тенге, работа по возврату оставшейся суммы продолжается.
По итогам проверочных мероприятий к различным видам дисциплинарной ответственности привлечены 5 государственных служащих.
Советом по этике рассмотрено 7 вопросов, из которых 5 или 71,4% это вопросы профилактического характера и 2 дисциплинарных дел, по которым в отношении 2 служащих наложено взыскание в виде «строгого выговора» и «предупреждения о неполном служебном соответствии». Так, руководитель Отдела жилищно-коммунального хозяйства, жилищной инспекции, пассажирского транспорта и автомобильных дорог Зерендинского района был привлечен к ответственности в виде «строгого выговора» за управление транспортным средством, будучи лицом, лишенным права на вождение. На основании решения Совета по этике руководитель Отдел образования по Целиноградскому району управления образования Акмолинской области был предупрежден о неполном служебном соответствии за необоснованное включение дошкольных организаций образования в перечень на размещение государственного образовательного заказа.

**Жазира Сейтмаганбетова,**
**официальный представитель Департамента Агентства РК по делам государственной службы по Акмолинской области**

## Ақмола облысында мемлекеттік қызметшілердің 65,3% әйелдер

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті 2025 жылдың I тоқсанындағы қызметін қорытындылады. Бұл туралы Департамент басшысы Думан Әбілев Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифинг барысында айтты.
Спикердің айтуынша, өңірдің мемлекеттік қызмет жүйесінде гендерлік саясат сәтті іске асуда: қызметшілердің 1878 немесе 65,3%-ын әйелдер құрайды.
«Жалпы, облыстың мемлекеттік қызметінің басшылық лауазымдарында 421 әйел жұмыс істейді. Бұл көрсеткіш жалпы басшы құрамның 43,8% құрайды», - деп Думан Әбілев атап өтті.
Басшылық лауазымдардағы әйелдердің құрамы келесі көрсеткіштерден тұрады:
- облыс әкімінің орынбасарлары – 0,2%;
- қалалардың, аудандардың әкімдері және олардың орынбасарлары – 2,4%;
- аппарат басшылары және олардың орынбасарлары – 3,5%;
- облыстық басқармалардың басшылары және олардың орынбасарлары – 3,3%;
- құрылымдық бөлімшелердің басшылары – 37%;
- ауылдық округтердің әкімдері және олардың орынбасарлары – 10,5%;
- дербес бөлімдердің басшылары және олардың орынбасарлары – 23,6%;
- сектор меңгерушілері – 19,5%.

2025 жылдың I тоқсаны ішінде конкурстық және конкурстан тыс іріктеу қорытындылары бойынша, ауысу арқылы, сондай-ақ сайлау қорытындылары бойынша және басқа да себептер бойынша 167 қызметші тағайындалды, олардың 81 немесе 48,5% әйелдер.

**Жазира Сейтмағанбетова,**
**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің ресми өкілі**

## Доля женщин на госслужбе в Акмолинской области составляет 65,3%

Департаментом Агентства РК по делам государственной службы по Акмолинской области подведены итоги деятельности за I квартал 2025 года.Подробнее об этом рассказал руководитель Департамента Думан Абилев в ходе брифинга на площадке Региональной службы коммуникаций.
По словам спикера, на госслужбе региона успешно реализуется гендерная политика – 1878 служащих или 65,3% составляют женщины.
«В целом, на руководящих должностях государственной службы области работают 421 женщин. Данный показатель составляет 43,8% от общего руководящего состава» - отмечает Думан Абилев.
Представленность женщин на руководящих должностях выглядит следующим образом:
- заместители акима области – 0,2%;
- акимы городов, районов и их заместители – 2,4%;
- руководители аппаратов и их заместители – 3,5%;
- руководители областных управлений и их заместители – 3,3%;
- руководители структурных подразделений – 37%;
- акимы сельских округов и их заместители – 10,5%;
- руководители самостоятельных отделов и их заместители – 23,6%;
- заведующие секторами – 19,5%.

В I квартале 2025 года по итогам конкурсного и внеконкурсного отбора, посредством перевода, а также по итогам выборов и по другим причинам назначены 167 служащих, из них 81 или 48,5% женщины.

**Жазира Сейтмаганбетова,**
**официальный представитель Департамента Агентства РК по делам государственной службы по Акмолинской области**

**Государственная услуга**

## Для физических лиц (КХ, ФХ, ИП) и юридических лиц (ТОО, АО), занимающихся разведением сельскохозяйственных животных о наличии учетных номеров на объекты производства

Физические и юридические лица, занимающиеся выращиванием животных являются хозяйствующими субъектами осуществляющие содержание, разведение и использование животных имеют в своей собственности объекты производства по выращиванию сельскохозяйственных животных, животноводческие помещения, а также сооружений для хранения и переработки кормов, продукции и сырья животного происхождения, которые подлежат государственному ветеринарно-санитарному контролю и надзору уполномоченными органами в области ветеринарии, в целях обеспечения эпизоотической безопасности на соответствующей территории от распространения инфекционных заболевании среди животных и людей. Одним из принципов обеспечения эпизоотической безоопастности является наличие учетных номеров на объекты производства по выращиванию сельскохозяйственных животных, которые присваиваются объектам производства после получение соответствующего ветеринарно-санитарного заключения на объект производства о соответствии его ветеринарным (ветеринарно-санитарным) требованиям, выданного в соответствии с Правилами выдачи ветеринарных документов и требований к их бланкам, утвержденными приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 21 мая 2015 года № 7-1/453. Выдача ветеринарно-санитарного заключения на объекты производства является государственной услугой в области ветеринарии, которая оказывается территориальной инспекции соответствующей территории на основании поданного заявления субъектом через портал Elicense, для получения государственной услуги по принципу «одного заявления» услугополучатель посредством портала подает заявление на выдачу ветеринарно-санитарного заключения и присвоение учетного номера по принципу «одного заявления» по



форме согласно приложению 9 к настоящим Правилам:
Срок оказания государственной услуги по принципу «одного заявления» – 6 (шесть) рабочих дней с момента регистрации заявления, из них:
выдача ветеринарно-санитарного заключения на объекты государственного ветеринарно-санитарного контроля – 4 (четыре) рабочих дня;
присвоение учетного номера объектам производства – 2 (два) рабочих дня.
Результат оказания государственной услуги по принципу «одного заявления» – выдача ветеринарно-санитарного заключения на объекты государственного ветеринарно-санитарного контроля и надзора и присвоение учетных номеров объектам производства, осуществляющим выращивание животных.
Для получения государственной услуги по принципу «одного заявления» услугополучатель посредством портала представляет:
1) заявление на выдачу ветеринарно-санитарного заключения и присвоение учетного номера по принципу «одного заявления» в форме электронного документа, удостоверенного ЭЦП услугополучателя;
2) сведения о зарегистрированных правах (обременениях) на недвижимое имущество и его технических характеристиках (в случае отсутствия сведений в шлюзе «электронного правительства»);
3) для объектов производства, осуществляющих деятельность на производственных помещениях на основании договора аренды, безвозмездного пользования: электронную копию договора аренды производственного помещения (договора безвозмездного пользования производственным помещением).
Услугополучатель для получения государственной услуги посредством портала представляет:
1) заявление в форме электронного документа, удостоверенного электронной цифровой подписью (далее – ЭЦП) услугополучателя;
2) сведения о зарегистрированных правах (обременениях) на недвижимое имущество и его технических характеристиках (в случае отсутствия сведений в шлюзе «электронного правительства»);
3) для объектов производства, осуществляющих деятельность на производственных помещениях на основании договора аренды, безвозмездного пользования: электронную копию договора аренды производственного помещения (договора безвозмездного пользования производственным помещением).
Учетный номер выдается на весь период деятельности объекта производства, за исключением убойных площадок.
В случае возникновения вопросов обращаться в Егиндыкольскую РТИ КВК и Н МСХ РК по адресу: с. Егиндыколь ул. Победы 7, тел 2-15-13, 2-11-82.

# Тілге құрмет - елге құрмет!

25 маусым күні Егіндікөл ауданының Тілдерді оқыту орталығында «Мемлекеттік тілді оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану ерекшеліктері мен тиімділігі» атты өңірлік семинар болып өтті. Семинарға Ақмола облысының барлық аудандары мен Көкшетау қаласынан келген тіл мамандары, Тілдерді оқыту орталықтарының басшылары мен қазақ тілінің оқытушылары қатысты. Семинарға қатысушы қонақтар алдымен мәдениет үйінің кіреберісіне жасалған көрмені тамашалады. Көрмеге аудандық Архив, орталықтандырылған кітапхана жүйесі (ОКЖ), қол өнер шеберлері, Төлеубай ақсақал, тігінші, жеке кәсіпкер Динара Шаимова және суретші Галина Александровналар қатысты. Семинар ең алдымен аудандық мәдениет үйінің режессёр Талғат Смагуловтың сахналастыруымен қойылған «Қазақ тілінің тарихы мен тағдыры» атты прологпен ашылды. Алғашқы сөз кезегі Егіндікөл ауданының әкімі Юрии Курушинге берілді. Өз кезегінде Юрии Курушин семинар қатысушыларын қазақ тілінде құттықтап, сәттілік тіледі.

Келесі сөз кезегі Егіндікөл ауданы Тілдерді оқыту орталығының басшысы Қайрат Нұрдәулетұлына берілді. Басшы орталықтың ашылған күнінен бастап осы күнге дейінгі атқарған жұмысы мен болашақтағы жоспарлары туралы айтты.

Семинар барысында тәжірибе алмасу мақсатында тіл мамандары берілген тақырыпта сабақ өтті.

Целиноград ауданының Тілдерді оқыту орталығының мемлекеттік тіл оқытушысы, А.Байтұрсынов атындағы облыстық байқау қатысушысы Елмұрат Фариза Есмаханқызы “Білімді мыңды жығар” панорамалық сабағын өтті. Зеренді ауданының Тілдерді оқыту орталығының қазақ тілі оқытушысы және Тілтаным клубының жетекшісі Жарылкапова Айтолқын Қайратқызы. «Тілтаным, Тұлға-адам!» панорамалық сабағын өтті. Қорғалжын ауданының Тілдерді оқыту орталығының қазақ тілі оқытушысы, “Тәуекел” қазақ тілі клубының төрайымы Зекенова Сымбат Қайыргелдіқызы “Ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын клуб” панорамалық сабағы өтті. Семинар соңында Модератор – Ақмола облыстық оқу-әдістемелік орталығының басшысы Қуаныш Қайыргелдіұлы Кажиахметов қорытынды сөз сөйлеп I жартыжылдықтағы жеткен жетістіктерге тоқталды. Өткен кемшіліктерден сабақ алып түзетуге кеңес берді. Іс-шара соңында Егіндікөл ауданы Тілдерді оқыту орталығының басшысы Қайрат Нұрдәулетұлы, мәдениет үйінің режиссёрі Талғат Смагуловтар қазақтың қара домбырасымен өз өнерлерін көрсетсе, Қоржынкөл мектебінің қазақ тіл мұғалімі Абай мырза, мәдениет үйінің қызметкері Сергей Грицюта және колледж студенті Леонид Александрович жиналғандардың көңілінен шығып өнер көрсетті. Тіл жанашырларына арналған концертте халықаралық және республикалық байқаулардың бас жүлдегері Фархад Жәкіш өнер көрсетті. Шара соңында естелік сыйлықтар тарту етілді.



**Қайрат Нұрдаулетұлы,**
**Тілдерді оқыту орталығының директоры**

ОЧС прежупреждает

№24

# Пожароопасный период




Уважаемые жители и гости Егиндыкольского района, с наступлением пожароопасного периода в целях недопущения пожаров в быту (на придомовых территориях, жилах и хозяйственных строениях, при уборке территорий и благоустройства) ЗАПРЕЩЕНО: на участке разводить костры, сжигать мусор, тару, отходы. При необходимости, сжигать только в контейнерах (железных бочках), на расстояние 50 метров от зданий и сооружений, под присмотром.

НЕЛЬЗЯ: выжигать сухую траву, складировать на участках отходы и мусор, бросать не потушенные спички, окурки, оставлять во дворах баллоны с газом, а также ёмкости с легко воспламеняющимися или горючими жидкостями, загромождать проезды улиц, ведущих к частным домам и садовым участкам, так как это препятствует проезду пожарных автомобилей.

НЕОБХОДИМО: обустроить противопожарные разрывы путём выкоса травы и вспашки между постройками, и придомовыми участками. Напоминать детям об опасности игр со спичками, о последствиях, к которым может привести такая игра.

Не допустим пожара, защитим свой дом!

За нарушение ППБ, предусмотрена, административная ответственность, согласно действующего законодательства.

**ОЧС Егиндыкольского района**

# Профилактика грибковых заболеваний микроспория и трихофития

По статистике более 25% всего населения инфицированы грибковой инфекцией, которая может поражать кожу, ногти, волосы, слизистые оболочки, внутренние органы, кости. Грибковые заболевания подразделяются на: кератомикозы, дерматофитии, кандидоз, глубокие микозы, псевдомикозы. Передача инфекции может происходить от человека к человеку, от животного к человеку, возможно инфицирование почвенными грибами. Такая разновидности грибов, как дрожжевые грибы рода Candida, являются частью нормальной микрофлоры организма, но при определенных условиях распространяются по организму, вызывая заболевание – кандидоз.

В данной статье мы рассмотрим высококонтагиозные (заразные) грибковые инфекции такие разновидности дерматофитии, как стригущий лишай (трихофития, микроспория), вызываемые грибами-дерматофитами Trichophyton, Microsporum. При данных заболеваниях возникникает поражение гладкой кожи, волосистой части головы, длинных и пушковых волос.

Источником заражения трихофитиями, микроспориями может быть человек (антропонозная трихофития, микроспория) или животные – грызуны, кошки, собаки, другие домашние животные (зоонозная трихофития, микроспория). Факторами, способствующими инфицированию и развитию стригущего лишая (трихофитии и микроспории), являются: снижение иммунитета, гиповитаминоз, микротравмы, повышенная влажность и температура окружающей среды, наличие сопутствующих хронических заболеваний, в том числе эндокринных заболеваний, а также несоблюдение правил личной гигиены. Какие могут быть симптомы: они проявляются преимущественно на открытых участках кожного покрова лицо, шея, предплечья, а также туловище. Заболевание начинается с появления одного или нескольких отечных, слегка выступающих над уровнем окружающей кожи пятен розово-красного цвета, правильных округлых очертаний, с резкими границами. Поверхность их покрыта чешуйками и мелкими пузырьками, быстро подсыхающими в корочки. Очаг поражения со временем приобретает вид кольца. При появлении таких симптомов необходимо обратиться в больницу для дальнейшего лечения

**Н.Колесник,**
**специалист ОПП «НЦЭ»**
**Астраханского районного отделения**

Будь здоров

# Будь осторожен!

Острые кишечные инфекции (ОКИ)-это многочисленная группа острых инфекционных заболеваний, вызываемых различными микроорганизмами, простейшими, бактериями, вирусами с преимущественным поражением желудочно-кишечного тракта.

**Как происходит заражение ОКИ?**

Возбудители ОКИ в организм человека попадают с пищей, водой, у маленьких детей через грязные руки, игрушки. В осенний период создаются благоприятные условия для сохранения и размножения возбудителей ОКИ в окружающей среде. При массивном накоплении возбудителей в окружающей среде частота их попадания в желудочно-кишечный тракт человека увеличивается, соответственно увеличивается вероятность возникновения заболеваний. **Симптомы заболеваний.** После попадания возбудителей организм болезнь проявляется не сразу. Это так называемый скрытый, инкубационный период, который длится от нескольких часов до 10 дней. Потом у больных повышается температура, появляется слабость, тошнота, ухудшается аппетит, появляются боли в животе, рвота, частый жидкий стул. Заболевание ОКИ может протекать в виде здорового носительства. Больные или носители представляют опасность для окружающих, так как с фекалиями выделяется огромное количество возбудителей в окружающую среду. Далее через загрязненную воду, предметы обихода, руки или пищевые продукты возбудители ОКИ вновь попадают в кишечник здорового человека. Некоторые заболевания протекают в легкой форме, поэтому больные не обращаются к врачу, а занимаются самолечением. Это может привести к нежелательным последствиям. Непременно обратитесь к врачу при первых симптомах заболевания.

ВНИМАНИЮ РОДИТЕЛЕЙ!

Для предупреждения заболевания острой кишечной инфекцией необходимо выполнять следующие правила:

-Сырую воду пить НЕЛЬЗЯ! Пейте только кипяченую или бутилированную воду!
-Не используйте воду из подтопленных колодцев!
-Не используйте без кипячения воду после фильтра для очистки воды.
-Не употребляйте в пищу подпорченные продукты сомнительного качества, обращайте внимание на сроки годности продуктов!
-Овощи и фрукты (в том числе фрукты в кожуре: цитрусовые, бананы) перед употреблением тщательно мойте, после чего обязательно обдавайте кипятком.
-Не употребляйте в пищу подпорченные и подгнившие овощи и фрукты!
-Соблюдайте личную гигиену, следите за чистотой рук!
-Следите, чтобы дети мыли руки после посещения туалетной комнаты и перед приемом пищи!
-При первых признаках недомогания обращайтесь к врачу, не занимайтесь самолечением!

БЕРЕГИТЕ СВОЕ ЗДОРОВЬЕ И ЗДОРОВЬЕ СВОИХ ДЕТЕЙ!

**А.Сеилова,**
**специалист отбора и приема проб**
**Астраханского районного отделения**


| Редакцияның мекен-жайы: 020600 Ақмола облысы, Егіндікөл ауылы, Победа көшесі, 7. Тел/факс:2-1369, Электронды пошта: egindikolinfo@mail.ru | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Меншік иесі: «Егіндікөл info» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Директор-редактор Гурбанова Светлана Михайловна | Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны үшін жауапкершілік жарнама берушіге жүктеледі Жарнама берушілер жіберген қателіктер бойынша шағымдар жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасына сәйкес болмауы мүмкін | Газет « Алтын астық «газетінің редакциясында дайындалды, терілді, жинақталды. Астана қаласы, Жұбанов көшесі 24/1 «Дунасарова А. Д.» ЖК басылып шықты | Мемлекеттік тілдегі материалдарға жауапты Балшых Ахмарал Жинақтаушы оператор Алиева Анастасия | Тіркеу куәлігі №15838-Г 17.02.2016 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі берген Таралымы 505 дана аптасына 1 рет дүйсенбі күндері шығарылады. |